

Тәрбие – болашақтың кепілі

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНЕ ҚЫРЫҚ ҚАРАМАҰЫҚ

Халқымыз «қыз-қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама ой сыйғызған. Яғни, қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған.



ана, Айша Биби сияқты аналарымыз нағыз қазақ әйелдерінің үлгісі болды. Аналарымыз «баланы

Ал қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, түрлі кинофильмдер жан-жақты әсер етуде.

Қазақ қыздарының менталитетіне қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, а қ ы л д ы л ы қ , имандылық сияқты қасиеттер кіреді. Тарихқа көз жүгіртсек, Айман, Құртқа, Назым сияқты қыздарымыз, Домалақ

жастан» деп, бала тәрбиесін құрсақтан бастаған. Ұлжан ана данышпан Абайды ғұсыл-дәретсіз емізбегені – адамзаттың баласын тәрбиелегені болып табылады.

«Баламды молдаға оқытамын деп кәпір етіп алдым» дегендей, тәуелсіздік тұғырына қол жеткізгелі, кейбір жастарымыз «тәуелсіз» деген ұғымды түсінбей, ата-анадан тәуелсіз, ұстаздардан тәуелсіз болу деп түсініп жүр. Әрине, бұрынғы кездегідей әр үйде 8-10-нан бала жоқ, үлкендері кішісін бағып-қағып отыратын. Ал қазіргі отбасыларда әрі кетсе 2 бала тәрбиеленіп отыр. Сондықтан «бір баласы бардың шығаршықпас жаны бар» демекші, сол жалғыздың асты-үстіне түсіп дегенін жасап отырғаны. Уақыт өте келе қызының жаман қылығын көрген анаға бармақ тістеуден басқа ештеңе қалмайды. Міне, қоғамымызға өз қолымыздан келеңсіз жағдай тудырып алдық. Қазіргі қазақ қыздарының жүріс-тұрысы, өз бойын күтуі, киім киісі, үлкен-кішіге құрметі мүлдем өзгеше. Жастар тәрбиесінің «ұзын арқан, кең тұсауға» түсіп кеткені айдан анық. Құрбы қыздардың арақ ішіп, шылым шегіп, түнгі клубтардың есігін баққанын көргенде, жаның түршігеді. Осындай әрекеттердің салдарынан қыздар жүкті болып, онан соң жасанды түсік жасатып, аналық құқығынан айырылып жатады. Батыстан бел түзеген түрлі жағдайлар біздің салт-санамызға өз әсерін тигізіп отыр. Мәліметтерге сүйенсек, еліміз бойынша жылына 200 мыңдай жасанды түсік жасалып, 1643 бала ата-ана қамқорынсыз қалады екен. Ал тағы да

тарих беттерін парақтасақ, халқымызда, «жетім, жесір» деген ұғымдар айтылмаған.

Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Сондықтан да бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандағы негізгі мақсатымыз: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыпайы қыздарымызды тәрбиелеп шығару. Бұл бағыттағы жұмыстардың көпшілігі ата аналармен қоян-қолтық араласуды тікелей қажет етеді.

«Анасын көріп қызын ал» дейтін халық мақалы төкке айтылмаса керек. Ана тәрбиесін көрген қыз әрдайым көрегенділік танытады. Жаңа ғасыр, тек жаңалықты қабылдау керек деп, шетелге еліктеп немесе ғаламтор арқылы керексіз дүниелерді қабылдаудың қажеті жоқ. Заман ағымынан қалмай, орынды киініп, орынсыз нәрселерден аулақ болып, өзге тілде емес, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалығын сақтауы қажет. Өзінің ана тілін қадірлемейтін қыздардан жақсы ана шығады деп айта алмаймын. Тілін қадірлемеген адам, ол ұлттың салтынан да, дәстүрінен де хабарсыз болары айқын. Қай қоғамда, қай заманда өмір сүрмесін, ол қазақ қызы деген атқа лайық болуы қажет. Бойжеткендеріміз осыны ұмытпаса дейміз.

А.Жамантаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың
Тілдерді оқыту орталығының
жетекшісі.

ЫНТЫМАҚ ҚАЙДА БОЛСА, ЫРЫС СОНДА